

**Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар, интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар, сондай-ақ қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 маусымдағы № 321 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Эділет департаментінде 2013 жылғы 12 шілдеде № 2989 болып тіркелді. Күші жойылды - Үржар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 108 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Үржар ауданы әкімдігінің 31.03.2014 № 108 қаулысымен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттық мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабы 1 тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес Үржар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін және интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін, сондай-ақ қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Б. Сейтқановқа жүктелсін.

3. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үржар ауданының әкімі

Б. Жанақов